

Білім беру бағдарламасының паспорты

Білім беру саласының коды мен жіктелуі	6B01- Педагогикалық ғылымдар
Дайындық бағыттарының коды мен жіктелуі	6B015 - Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдерді даярлау
Білім беру бағдарламасының коды мен атауы	6B01602 – «Тарих және қоғамтану» ІР
Білім беру бағдарламаларының топтары	V015 - Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдерді даярлау
Білім беру бағдарламасының бірегейлігі	«B015-Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдерді даярлау» 1. Білім беру саласында «финн» жобасы аясында дайындалған инновациялық білім беру бағдарламасы. Жоғары білікті, жаңартылған оқу мазмұнын меңгерген, білім беру үрдісін жүзеге асырудың әдістері мен тәсілдеріне ие ғылыми-педагогикалық кадрларға деген сұранысты қанағаттандыру; 2. ББ қоғамдық сананы жаңғырту, жаңа гуманитарлық білім жағдайында пәнаралық білімдер мамандарын дайындауға (тарих, құқық, өлкетану, археология, этнология т.б.) бағытталған; 3.Білім беру үрдісі субъектілерінің кәсіби және зерттеушілік құзіреттіліктерін заманауи құрылғылармен жабдықталған «Алтайтану» ҒЗО, С.Аманжолов ат. ШҚУ археология және мәдени мұралар мұражайы, Ж.Ж. Ахмеров атындағы цифрлық гуманитаристика кабинеті, заманауи құрылғылармен (Квадракоптер Фантом-4, Металл іздеуші PL-2, Электромагниттік радар АЭМП-14) жабдықталған археологиялық зерттеулер лабораториясы негізінде дамыту мүмкіндіктері; 4.Тәжірибелік, зерттеу және сараптамалық құзіреттіліктерді дамыту мақсатында археологиялық экспедициялар, ШҚО халықтары Достық Үйі жанындағы аймақтық Толеранттылық мектебі және «Үлкен Алтай Әлемі» халықаралық археологиялық жазғы мектептерге қатысу мүмкіндіктері; 5.Жоғары білікті профессорлық-оқытушылық құрам, оның ішінде: бір ғылым докторының, 2 қауымдастырылған профессордың: 1. XX ғ. 20-30 жылдарындағы шығармашылық интеллигенция (т.ғ.д. Дүкенбаева З.О.); 2. Әлеуметтік-демографиялық мәселелер. Урбанистика (т.ғ.к.,қауым.проф. Сарсембаева Г.А.); 3. Отан тарихының өзекті мәселелері (т.ғ.к.,қауым.проф. Нұрбекова Р.К.); бойынша ғылыми мектептерінің болуы; 6.Жобалық және зерттеушілік қызмет нәтижелерін С.Аманжолов атындағы ШҚМУ тұрақты түрде өткізіліп келе жатқан «Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі», «Аманжолов оқулары», «Өлкетану оқулары», «Қазақстан

	және шекаралас аумақтардағы этнодемографиялық үрдістер» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялары және РИНЦ базасына енетін студенттер мен жас мамандардың «Бірыңғай ғылыми және білім кеңістігін қалыптастыру жағдайындағы студенттік ғылым» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының жинақтарында жариялау мүмкіндігі; 7. Білімін магистратурада 7M01601-«Тарих» педагогикалық және 7M02202-«Тарих» ғылыми бағыттағы білім беру бағдарламаларында жалғастыру мүмкіндігі; 8. Түлектердің еңбек нарығында үлкен сұранысқа ие болуы.
Білім беру бағдарламасы аясында дайындау бейінінің картасы	
ББ мақсаты	Сапалы кәсіби білім беру, тарих пен қоғамтануды оқытудағы кәсіби құзыреттілікке, білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеуге, әлеуметтік ұтқырлыққа ықпал ететін әмбебап және пәндік-мамандандырылған құзыреттерге ие, бәсекеге қабілетті және еңбек нарығында сұранысқа ие тарихшы-қоғамтанушы педагогтарды дайындау.
БББ міндеттері	1. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында тарихты оқытуға қажетті іргелі білімдер, негізгі, жалпы кәсіптік және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру, танымдық икемділік, функционалдық сауаттылықты дамыту. 2. Жағдайға орай ойлау және әрекет етуді адамгершілік-гуманистік принциптер негізінде және ұлттық менталитет ерекшеліктерін ескере отырып жетілдіру. 3. Табысты өмір сүру, өзін кәсіби және тұлғалық тұрғыда таныту үшін азаматтылық, патриотизмді, муьлтимәденилікті, толеранттылықты, сыни және креативтік тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту. 4. Әлем қауымдастығының тарихи және қазіргі дамуының негізгі кезеңдері, заңдылықтары мен ерекшеліктеріне талдау жасау дағдыларын қалыптастыру. 5. Ғылыми-зерттеушілік және жобалық қызметке қол жеткізу және дамыту.
БББ оқыту нәтижелері	6B01602 – «Тарих және қоғамтану» білім беру бағдарламасы аяқталғаннан кейін түлектер қабілетті болады: 1. Әлем және Отан тарихындағы тарихи оқиғаларды, үдерістер мен құбылыстарды өзара байланыста талдайды, жалпыны салыстырып, белгілі бір фактілерді бөліп көрсетеді; 2. Өзекті қоғамдық құбылыстар мен үдерістерге бағдарланады; қазіргі қоғамдағы діни және рухани-мәдени құбылыстар мен үдерістерді талдайды және бағалайды, оған қатысты өзінің азаматтық ұстанымын көрсетеді; 3. Қазақстандық қоғамның әлеуметтік, іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларына сәйкес дүниетанымдық, тарихи және адамгершілік даму үшін пәнаралық білім мен тәжірибені қолданады; 4. Тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, инклюзивті тәсілдер қағидаттарын ескере отырып, мектеп жасындағы балалардың өмірі мен қызметін тәрбиелеу, дамыту, ұйымдастыру үшін

	педагогика мен психология бойынша білімді қолдануға қабілетті; 5. Тұлғааралық, әлеуметтік, кәсіптік және зерттеу қызметі деңгейінде қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша түрде сындарлы қарым-қатынас жасауға және өзара іс-қимыл жасауға қабілетті; 6. Тарих және қоғамтану бағытында жаңа білімді синтездеу үшін ғылыми әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, зерттеу бағыты мен әдіснамасын таңдауды жүзеге асырады; 7. Заманауи тәсілдер мен әдістерді қолдана отырып, қажетті ақпаратты іздейді, деректерді жинайды, тарихи дереккөздермен, архив материалдарымен, музей экспонаттарымен жұмыс істейді; 8. Мектепте тәрбие мен білім беру үдерісін ұйымдастыру және басқару бойынша дағдыларды, жалпы орта білім беруді дамыту саласындағы менеджмент негіздерін және кәсіпкерлік икемділік-дағдыларын қолданады; 9. Жалпы орта білім беретін ұйымдағы тәрбие және білім беру үдерісіне мониторинг жүргізуге, олардың нәтижелерін талдауға және бағалауға қабілетті; 10. Жалпы орта білім беретін ұйымдағы тәрбие және білім беру үдерісіне мониторинг жүргізуге, олардың нәтижелерін талдауға және бағалауға қабілетті; 11. Өмір бойы кәсіби даму мен білім алуға қабілетті; өзінің құндылықтарын, көзқарастарын, этикалық принциптерін, жұмыс әдістерін ойластырып, сыни тұрғыдан бағалайды, сондай-ақ тұрақты даму, ұйымы мен өзінің кәсіби әл-ауқатын дамыту мүддесінде мектепте тарихи, қоғамтанулық білім беруді жетілдіру үшін жаңа мақсаттар қояды; 12. Ата-аналар және педагог қауымымен ынтымақтастық әрі өзара шығармашылық байланыс шеңберінде қолайлы ахуал жасау үшін эмоционалды интеллект дағдылары мен көшбасшылық қасиеттерін дамытуға қабілетті.
Түлектің біліктілік сипаттамасы	
Берілетін дәреже:	6B01602-«Тарих және қоғамтану» білім беру бағдарламасы бойынша білім беру бакалавры
Лауазымдарының тізімі	Тарих және қоғамтану, құқық негіздері, дінтану пәндерінің мұғалімі, аға тәрбиеші, тәрбиеші, аға шебер, оқытушы, әдіскер, педагог ұйымдастырушы, қосымша білім беру педагогы, мектеп ұйымы тәрбиешісінің көмекшісі, басшының орынбасары және басшы, мұражай, мұрағат қызметкерлері.
Кәсіби қызмет объектісі	Білім беру бағдарламасы болашақ мамандарға орта мектепте, зияткерлік мектептерде, лицейлерде, гимназияларда, мамандандырылған және шағын жинақты мектептерде, колледждерде, ғылыми-зерттеу орталықтарында, мұражай, мұрағаттарда, мемлекеттік және қоғамдық қызметтерде жұмыс істеуге мүмкіндік береді.